

**"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 1639 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 696 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2014 № 696 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 23, 29-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасында:

27 - тармақта:

1) тармақшаның жетінші және сегізінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«көпжылдық екпелерді отырғызу жүзеге асырылатын АШТӨ-нің нақты жер учаскесіне бақтарды, жидектіктерді және жүзімдіктерді отырғызу үшін бекітілген (бақ отырғызу үшін жарамдылығына топырақтық-мелиоративтік зерттеулердің жүргізілгенін растайтын) жұмыс жобасына (бұдан әрі – жұмыс жобасы) сәйкес. Алманың «Апорт» сортының көпжылдық екпелерін отырғызу кезінде жұмыс жобасында АШТӨ-нің жер учаскесінің теңіз деңгейінен биіктігі көрсетіледі;

АШТӨ-нің штатында «агрономия» немесе «жеміс-көкөніс өсіру» мамандығы бойынша кемінде бір білікті маманның болуы шартымен жүзеге асырылуы тиіс.» ;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) отырғызылуы республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің

қаражаты есебінен жүзеге асырылған екінші вегетацияның (аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен және книп-баум көшеттерімен салынғандар үшін), екінші-үшінші вегетацияның (жартылай аласа бойлы телітушілердің көшеттерімен салынғандар үшін), екінші-үшінші-төртінші вегетацияның (республикалық және/немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 2009 - 2011 жылдары дәстүрлі технология бойынша отырығызылғандар үшін) жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің, ал алманың «Апорт» сорты бойынша екіншіден бастап жетінші вегетацияны қоса алғанда, көп жылдық екпелерін өсіру ( к ү т у ) . » ;

29-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) агроном (жеміс-көкөніс өсіруші) маманының біліктілігін растайтын куәліктердің, сертификаттардың, дипломдардың көшірмелерінен тұратын өтінім б е р е д і . » ;

32-тармақтың 2) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2) 5 жұмыс күні ішінде ағымдағы жылдың өткен тоқсанынан кейінгі айдың 1 -күнінен кешіктірмей, ал төртінші тоқсанда – 1 қарашадан кешіктірмей осы Қағиданың 27-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген субсидияларды алуға АШТӨ тізбесін (бұдан әрі – аудан (облыстық маңызы бар қала) бойынша тізбе) қалыптастырады және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне бекітуге ж і б е р е д і . » .

35-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) ағымдағы жылдың өткен тоқсанынан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмейтін, ал төртінші тоқсанда – тиісті жылдың 10 қарашасынан кешіктірілмейтін мерзімде жергілікті жерге барып:».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
С. Ахметов*